

**Объектілер құрылышының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылышын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 12681 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20 бабының 23-18 ) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Объектілер құрылышының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылышын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидалары бекітілсін.

2. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан, мемлекеттік сараптама ұйымы орындастын құрылыш жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама бойынша сараптама жұмыстар жүргізудің бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 167 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 88389 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыш, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрінің міндетін  
аткарушының  
2015 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 780 бұйрығымен  
бекітілген

**Объектілер құрылышының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылышын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.11.2018 № 840 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Объектілер құрылышы жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылышын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-18) тармақшасына сәйкес әзірленді.

### 2. Қағидалар:

1) объектілер құрылышы жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаларға) ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу ;

2) сараптама комиссиялары немесе сараптама топтары жүзеге асыратын аумақтарды дамытудың және құрылыш салудың қала құрылышын жоспарлау жобалары бойынша қала құрылышы кешенді сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау тәртібін айқындауды.

3. Аккредиттелген сараптама ұйымдары салалық сараптамалардың қатысуымен орындастырын сараптама жұмыстарының құны тапсырыс беруші мен сараптамалық ұйымның арасында жасалған шартқа сәйкес белгіленеді.

Мемлекеттік сатып алулар шеңберінде орындалатын шарттар бойынша сараптама жұмыстарының құны осы Қағидаларына сәйкес белгіленетін құннан төмен болмауға тиіс.

4. Құрылыштың техникалық-экономикалық негіздемесіне, сондай-ақ құрылышқа арналған жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу тәртібі мен ұзактығы (мерзімдері) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика

министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10722 болып тіркелген) Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негізdemelerге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес айқындалады және құрылым объектілерін жобалау саласындағы сараптама қызметінің барлық субъектілері үшін бірынғай болып табылады.

## **2-тaraу. Ведомстводан тыс кешенді сараптама жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау тәртібі**

5. Объектілер құрылышы жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізудің құны мынадай формула бойынша белгіленеді:

$$K_C = K_{\mathcal{K}} * k_{CB} * \frac{AEK_C}{AEK_{\mathcal{K}}},$$

мұндағы:

$K_c$  – жоба сараптамасының құны;

$K_{\mathcal{K}}$  – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылым және түрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 232-нұң бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14642 болып тіркелген) Қазақстан Республикасындағы құрылым үшін жобалау жұмыстарының құнын айқындау жөніндегі мемлекеттік нормативке (бұдан әрі – Мемлекеттік норматив) сәйкес Құрылым үшін жобалау жұмыстарына арналған бағалар жинағының (бұдан әрі – Бағалар жинағы) негізінде айқындалатын, сараптамаға ұсынылған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеудің нормативтік құны;

$AEK_c$  – айлық есептік көрсеткіштің сараптама жүргізуге арналған шарт жасалған күнге сәйкес келетін мәні;

$AEK_{\mathcal{K}}$  – айлық есептік көрсеткіштің жобалау жұмыстарының құны айқындалған күнге сәйкес келетін мәні;

$K_{CB}$  - сараптама жұмыстары құнының жобаны әзірлеу құнына қатысын көрсететін сараптамалық верификация коэффициенті, ол жобалау-сметалық құжаттаманы (ЖСК) әзірлеудің нормативтік құнына байланысты осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес мәндер бойынша айқындалады.

6. Егер шарт және тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша жобалау-сметалық құжаттама бөлімдерінің және жұмыстарының бір бөлігі ғана сараптамаға жататын болса, жобаның немесе жұмыс жобасының құнынан, осы Қағидалардың 5-тармағының формуласына қою кезінде сол сараптамаға жатпайтын жоба бөлімдерінің немесе жұмыстарының құны алып тасталады.

7. Әзірленудің нормативтік құны Бағалар жинағында жоқ жұмыстардың жекелеген түрлері бойынша сараптама құны еңбек шығындары бойынша жеке есеппен, Мемлекеттік нормативтің 6-қосымшасына сәйкес № 3П нысаны бойынша калькуляциямен айқындалады.

### **3-тaraу. Кешенді қала құрылышы сараптамасы жөніндегі жұмыстар құнын айқындау тәртібі**

8. Әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылышын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстар құны шарт негізінде айқындалады.

Әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылышын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу бойынша жұмыстар құны осы Қағидалардың 5 және 7-тармақтарына сәйкес анықталатын есептік кезеңнің бағасында жобалау-іздестіру жұмыстар (ЖІЖ) құны бірдей, ҚҚС-ті ескермегенде, объектілер құрылышы жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу құнынан төмен болмауы тиіс.

9. Әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылышын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстар құнына барлық қосымша шығыстар, оның ішінде кешенді қала құрылышы сараптамасына қатысу үшін мамандарды (мамандандырылған институттар мен ұйымдарды) тарту бойынша шығыстар кіреді.

Объектілер құрылышының  
жобаларына ведомстводан тыс  
кешенді сараптама, сондай-ақ,  
әртүрлі деңгейдегі аумақтардың  
қала құрылышын жоспарлау  
жобаларына кешенді қала  
құрылышы сараптамасын  
жүргізу жөніндегі жұмыстардың  
құнын айқындау қағидаларына  
қосымша

### **K<sub>CB</sub> сараптамалық верификация коэффициентінің мәні**

ҚҚС-сыз мың АЕК-те ЖСК әзірлеу құны	k <sub>CB</sub> коэффициенті	ҚҚС-сыз мың АЕК-те ЖСК әзірлеу құны	k <sub>CB</sub> коэффициенті
1	2	1	2
0,93 дейін	0,1728	185,81	0,0152

1,86	0,1727	278,71	0,0128
2,79	0,1354	418,06	0,0108
4,65	0,0996	557,42	0,0096
7,43	0,0751	706,06	0,0087
8,36	0,0700	836,13	0,0082
12,08	0,0561	1021,94	0,0077
15,79	0,0478	1207,74	0,0073
19,51	0,0421	1393,55	0,0070
23,23	0,0379	1579,35	0,0068
26,94	0,0346	1765,16	0,0066
38,09	0,0281	1950,97	0,0064
46,45	0,0250	2136,77	0,0063
69,68	0,0230	2322,58	0,0061
92,90	0,0211	2573,55 бастап	0,0058
139,35	0,0174		

Ескертпе:

1. Берілген кестені пайдалану кезінде (1-бағанамен салыстыру) ЖСҚ әзірлеу құны және ол арқылы көрініс беретін АЕК мәні жобалау жұмыстарының құны айқындалған қунге сәйкес келетін ағымдағы бағаларда қабылданады.
2. Аралық мәндер интерполяциямен айқындалады.